



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 25 қаңтар

Ұлттық Банктің «ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында 2018 жылы 23 қаңтарда «Коллекторлық агенттіктердің қызметі» деген жаңа бөлім іске қосылды

Ұлттық Банктің Қоғамдық қабылдау бөлмесінің мобильдік нұсқасы болып табылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында 2018 жылғы 23 қаңтардағы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау күшейту мақсатында, «Коллекторлық агенттіктердің қызметі» деген жаңа бөлім іске қосылды. Бұл жайлы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің баспасөз қызметінде хабарлады.

Жаңа бөлімде пайдаланушылар онлайн режимде коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша түсініктеме ала алады, сол сияқты коллекторлық агенттіктердің жосықсыз іс-қимылдары мәселелері бойынша өтініш жасай алады.

Қаржы реттеушінің баспасөз қызметінде 2017 жылы 2 маусымда «Коллекторлық қызмет туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының қабылданғанын еске салды, 2017 жылы 3 желтоқсанда Заң күшіне енгенге дейін, коллекторлық қызмет белгісі бар қызметті жүзеге асыратын және коллекторлық қызметті жүзеге асыруға ниетті заңды тұлғалар коллекторлық агенттік ретінде әділет органдарында қайта тіркеуден, сол сияқты Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өтуі міндетті алты айлық кезең аяқталды.

2018 жылғы 18 қаңтардағы жағдай бойынша Ұлттық Банкте есептік тіркеуден 65 коллекторлық агенттіктер өтті, олар туралы ақпарат Ұлттық Банктің сайтында орналастырылған коллекторлық агенттіктердің тізілімінде бар.

Сонымен қатар, баспасөз қызметінде, 2017 жылдың 3 желтоқсанынан бастап, екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржы ұйымдарының коллекторлық қызмет белгілі бар және Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өтпеген заңды тұлғалармен шарттық қатынастары тоқтатылуға тиіс екендігін атап өтті: «Бұл мәселені Ұлттық Банк банктердің және МҚҰ борышкерлері Ұлттық Банкке өтініш жасаған кезде міндетті түрде тексеретін болады».

Халық коллекторлық агенттіктермен өзара іс-қимыл жасаған кезде, сол сияқты коллекторлық агенттіктердің жосықсыз іс-қимылы мәселелері бойынша өтініш жасаған кезде, өздерінің құқықтары туралы түсініктемелерді жедел алуы мақсатында, азаматтар Ұлттық Банкке және оның аумақтық филиалдарына, сондай-ақ Ұлттық Банктің Қоғамдық қабылдау бөлмесіне «ҚҰБ «Online» мобильдік қосымша арқылы өтініш жасай алады.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz